

 NAZARBAYEV UNIVERSITY	«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы		
	Бекіткен орган:	Академиялық кеңес	
Кітапхана комитеті туралы ережеге өзгерістер			
Бекітілген күні:	12.12.2018ж.	Күшіне енгізілген күні	12.12.2018
Шешімнің/хаттаманың №:	№ 13		
ІНҚ жіктеуші:	1.1.5. Академиялық кеңес		
Бастамашы:	М. Қайратбекқызы Ақпараттық-библиографиялық қызмет жетекшісі		
Өзара байланысты құжаттар	Өзара байланысты құжаттар жоқ		

Академиялық кеңестің 2015 жылғы 06 мамырдағы № 33 шешімімен бекітілген Кітапхана комитеті туралы ережеге (бұдан әрі – Ереже) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. Ереженің 5-тармағының 7-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) Университеттің репозиторийін жетілдіру және оның коллекциясын дамыту;».

2. Ереженің 10-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Комитет мүшелері өз міндеттерін атқарып отырған лауазымдарына сәйкес орындайды. Келесі Комитет мүшелері шешуші дауысқа ие болады:

1) Академиялық мәселелер жөніндегі вице-проректор;
2) Бас ақпараттық директор;
3) «Nazarbayev University Library and IT Services» ЖМ-нің Кітапхана бойынша бас директорының орынбасары / Университет кітапханасының директоры;

4) «Nazarbayev University Library and IT Services» ЖМ-нің Кітапхана бойынша бас сарапшысы;

5) Қызмет жетекшісі / Жетекші кітапханашы, «Nazarbayev University Library and IT Services» ЖМ;

6) Дайындық орталығының оқытушысы;

7) Жоғары бизнес мектебінің оқытушысы;

8) Жоғары мемлекеттік саясат мектебінің оқытушысы;

9) «Назарбаев Университетінің Жоғары білім беру мектебі» ЖМ-нің оқытушысы;

10) Инженерия мектебінің оқытушысы;

11) Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебінің оқытушысы;



- 12) Медицина мектебінің оқытушысы;
- 13) Ғылым және технологиялар мектебінің оқытушысы;
- 14) Тау-кен ісі және жер туралы ғылымдар мектебінің оқытушысы;
- 15) «Nazarbayev University Research and Innovation System» ЖМ-нің қызметкері;
- 16) «National Laboratory Astana» ЖМ-нің бас директорының орынбасары;
- 17) Оқытушылар сенатының өкілі;
- 18) Университеттің магистратура студенттерінің өкілі;
- 19) Университеттің бакалавриат студенттерінің өкілі.»

